

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016»** атты  
XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»**

PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір  
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2016»  
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2016»**

**2016 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**Ғ 96**

**Ғ96** «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – .... б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-764-4**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**ISBN 978-9965-31-764-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2016

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын мемлекеттік реттеу жүйесі. // Ізденіс.- Алматы: – 2009. №2.
2. Алпысбаев С.Н. Региональный рынок: закономерности формирования и развития. – Алматы, Ғылым, 1997. – 243 с.
2. Алимбаева А.А., Утешев С.Б., Ахметов С.Н., Таубаев А.А. Региональная социально-экономическая система. – Караганда: Санат, 2002, Том 2. – 409 с.

**УДК 368.1**

## **ҚР САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ**

**Азизхан Дана Әшімханқызы**

[dana14.96@mail.ru](mailto:dana14.96@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономика факультеті, «Қаржы» мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі - Жамиева А.Е.

Соңғы кездері Қазақстанның саяси -экономикалық және қоғамдық өмірінде болып жатқан сан - алуан өзгерістер іскерліктің көптеген түрін тудырып, оларды жүзеге асырумен қоғамды жанталастыруда. Шетелдіктердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, олардың капиталдарының нығаюының бір көрінісі - ол сақтандыру нарығының дамуы болып табылады. Сақтандыру нарығы тек жеке капиталды ғана емес елдің макроэкономикалық көрсеткіштеріне де әсерін тигізуде. Мысалға, сақтану дәрежесі оның сақтанушысының мәртебесін көрсетеді. Тіпті, қазіргі кезде шетелдегі сақтандыру түрлері көптігі соншалық, соған орай олардың тұтынушыларының көлемін де көрсетеді. Біздің елімізде сақтандыру 90 жылдары дами бастап, сол жылдары сақтандыру компаниялары ашыла бастады. Бірақ өкінішке орай сол кезде олардың дамып кетуін тежеген - заңнаманың нашар дамуы болды. Олардың заңнамасы тұрақты емес, әр жыл сайын өзгеріс енгізілуде, не үкімет тарапынан еш жағдай қарастырылмаған, тіпті сақтандыру саласының дамуын көздейтін бағдарламалар жасалынбаған. Ал қазіргі таңда шетелдік тәжірибеген сүйеніп, сақтандыру нарығын дамытудың көптеген перспективалары бар.

Сақтандыру - қоғамның экономикалық қатынастарының айрықша сферасын бейнелейтін көне категорияларының бірі.

Сарапшы мамандардың пайымдауынша, экономикалық қатынастардың жаңа жүйесін өткеннен кейін шығынды өтеудің тиімді механизмі әрі табыс көзі ретінде сақтандыруға деген объективті қызығушылығын арттыруға тиісті болатын.

Сақтандыру мемлекеттік саласының бірқатар мәселелерін шешуге және экономикаға инвестиция салуға жәрдемдеседі. Сақтандыру компаниялары ел экономикасына нақты ішкі инвесторлар бола алады.


Сақтық қызметі сақтық ұйымы жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметтің негізгі түрі болып табылады. Бұл қызметтен басқа ол қызметтің мынадай түрлерін: уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тіртіппен инвестициялық қызметті; сақтандыруға тиісті жинақтаушы сақтық шартында көзделген сатып алу сомасы шегінде өзінің сақтанушыларына қарыз беруді; сақтандыру ұйымдарының қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын арнаулы бағдарламалық қамтамасыз етуді сатуды; ақпарат берілімдерінің кез-келген түрінде сақтандыру ісі, және сақтандыру қызметі жөнінде арнаулы әдебиет сатуды; бұрын өз мұқтаждары үшін сатып алынған немесе оның қарамағына сақтандыру шарттарын жасауға байланысты келіп түскен мүлікті сатуды немесе жалға беруді; сақтандыру қызметіне байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызмет көрсетуді; сақтандыру саласында мамандардың

біліктілігін арттыру мақсатында оқуды ұйымдастыру мен жүргізуді; сақтау агенті ретінде сақтандыру делдалы болады; консорциум немесе жай серіктестік құруға қатысуға құқылы.

Біздің елімізде де сақтандыру саласын заңмен реттеп отыратын жалпыға бірдей ҚР Азаматтық Кодексі болып табылады.

Нарықтық экономика шарттарында сақтандыру қаржылық тұрақтандырушы рөлін атқарады. Ол қоғамға кездейсоқ жағдайларда туындаған шығындардың барлығын өтеуге көмектеседі. Сақтандырудың басты атқаратын қызметі - халықтың қауіпсіздікке деген сұранысын қанағаттандыру болып табылады. Ең алғаш сақтандыру келісім - шарттарын Ежелгі Сирияда, Индияда, Вавилонда, Палестинада табылған.

Қазіргі таңда Қазақстан республикасында 45 сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымы бар. (2015 жылғы жағдай бойынша) 2015жылдың 1 тамызына сәйкес мәліметтерге сүйенсек, сақтандыру компанияларының рейтингісінді бірінші орында «Евразия» СК тұр (26 млрд тенге), нарықтағы үлесі 39,9%.



Сурет1. Меншікті сақтандыру бойынша компаниялардың нарықтағы үлесі, %

Қазіргі кезге дейін көбіне мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алуға бағдарланған сақтандырудағы халық белсенділігінің төмен болу проблемасы бар және сақтандыруға тиісті қызығушылық тудырмай отыр. Мемлекеттік бюджет есебін және сақтандыру арқылы халықты әлеуметтік қорғау түрлерінің қолдану аясын шектеу осы проблеманы шешуге ықшам етуі тиіс. Халықты мемлекеттік емес әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету саласындағы ең маңызды әлеуметтік құрал бола отырып, азаматтардың өмірі мен еңбек қабілеттілігін сақтау жөніндегі индустрия әлі күнге дейін тиісті түрде дамымай келеді. Өмірді сақтандыру бойынша дамыған индустрия болмай, республикада жүзеге асырылып жатқан зейнетақымен қамтамасыз ету реформасынан толық пайда келуі мүмкін емес.

Сақтандыру регионындағы мәселелердің елеулі бөлігі сақтандыру және қайта сақтандыру қызметі туралы заң актілерінің жетілдірілілуінен туындайды. Атап айтқанда, азаматтық заңдардың жекелеген ережелері өмірді сақтандыру, жинақтаушы түрлері мен

аннуитенттер жүйесін дамытуды ескере отырып, өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді.

Сақтандыру компанияларының қаржы тұрақтылығы транс қайта сақтандырусыз бола алмайды. Бірақта ұлттық сақтандыру компаниялары тәуекелдердің елеулі бөлігін өз басқаруында қолдануы тиіс. Транс сақтандырудың көлемінің төмендеу тенденциясы қалыптасып келеді. Мемлекет жасаған жағдайлар, сақтандырушыларға өз активтерін өсіруіне жағдай жасайды, бірақ олар сақтандырушылармен қолданылмайды. Осы тенденцияны өзгерту үшін, сақтандыру компанияларына нарықтық әдістермен әсер еткен жоқ. 18-бап 5-пункт «Сақтандыру ісі туралы» заңына сәйкес: Қазақстан Республикасының резидент емес қайта сақтандыру компанияларына берілетін, сыйақыларының максималды лимитін 80 пайызға төмендету.

Қазақстанның сақтандыру нарығында үлкен орын алатын компанияның бірі - "СК "Еуразия" АҚ оның үлесі – 19,5 % құрайды ( жиынтық активтері – 26 млрд теңгені құрайды). Келесісі "СК "Халық-Казахинстрах» АҚ – 15,3 % құрап, екінші орынды иеленіп отыр ( жиынтық активтері – 20,5 млрд теңге). Үшінші орында «Қазақмыс» АҚ - 8,9 % ( 11,8 млрд теңге), төртінші орын «НОМАД иншуранс» (9,6 млрд теңге, 7,6 %), алдыңғы қатарлы бестіктің соңында «Amanat Insurance» (8 млрд теңге , 4.4 %) тұр.

«Еуразия» СК- қазіргі таңдағы ең ірі қазақстандық сақтандыру компаниясы. Ол активтерінің көлемі бойынша, меншікті және жарғылық капиталы бойынша және жүзеге асырылған сақтандыру төлемдері бойынша елімізде бірінші орында тұр. Ол 1995 жылы құрылған, 20 жыл ішінде осындай жетістіктерген жеткен. Бизнесінің дамуында географиялық диферсификацияға үлкен мән береді, кәсібінің дамуында дүние жүзі мемлекеттерімен қарым қатыснаста. 150 мемлекетте филиалдары бар.

2015 жылдың 1 қазанындағы көрсеткіштерге сенсек, актив көлемі 159 563 199 мың теңге, сыйақы мөлшері 30 137 835 мың теңге, төлемдері 11 630 607 мың теңге.

Қазіргі күнде Қазақстанның сақтандыру нарығында өмірді сақтандыру бойынша өз көшбасшысы бар. Оның бірі - “Казкоммерц-Life»АҚ (бұрынғы «БТА Өмір», 2015 жылдың 17 шілдесінен бастап екі компанияның реорганизациясынан кейін) . Компания 1999 жылы ұйымдастырылған. Бұл компания өмірді сақтандыру бойынша қазіргі кездегі ең қолайлы сақтандыру өнімдерін ұсынады.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай сақтандыру нарығы экономикаға пропорционалды дамып келеді. Бұл жағынан Қазақстанның сақтандыру нарығын дәстүрлі түрде дамытуы жөнінде үлкен мүмкіндіктері бар.

Ұзақ мерзімді жеке сақтандыруды дамыту үшін барлық жағынан қолайлы шарттар қарастыру қажет (экономикалық, қаржылық, құқықтық). Осының арқасында ғана еліміздің сақтандыру нарығы дұрыс жолға қойылады.Әрбір сақтандыру компанияларының криттерийлері ретінде шығыстардың деңгейі, табыстардың және инвестициялар бойынша түсім коэффициенттері, дебиторлық қарыз деңгейі саналады.

Жоғарыда айтылған сын - міндерді түзеу арқылы ғана сақтандыру нарығы дамиды деп айтуға болады. Сақтандыру нарығы экономиканы тұрақтандырушы рөлін атқара отырып, қарапайым халыққа да жағымды әсерін тигізеді. Сондықтан да нарықтың бұл түрін дамыту өте қажет.

#### **Колданылған әдебиет:**

1. «Сақтандыру іскерлігі жөніндегі Заң» 2010 жыл.
2. А.И. Худяков «Теория страхования», Статут 2010 год. 386-521 стр.
3. Кабанцева Н.Г «Страховое дело», Фортуна 2008 год.-24 стр.
4. С. Құлпыбаев «Қаржы»: оқулық. – Алматы: 2007.-489-504 б.
5. Ильясов Қ.Қ. «Қаржы», оқулық. Алматы 2005 жж 394 - б.